

Төлен Әбдіков шығармаларын бірге оқиық!

**Оқуға деген
құштарлықты
оятып, таңдаулы
қаламгердің өмірі мен
шығармашылығын
танытатын «Бір ел –
бір кітап акциясы»
оқырман таңдауы
бойынша күні бүгінге
дейін әдебиетіміздің
жауһарларын насихаттап
келеді.**

Осы орайда, биылғы 2023 жылы «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері - Төлен Әбдіковтың шығармаларын бірге оқитын боламыз.

Төлен Әбдіков 1942 жылдың 4 қыркүйегінде, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ Ұлттық университетін бітіріп, 1965-70 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарса, 1970-77 жылдары «Жалын» альманағында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1977-79 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, сондай-ақ 1990-92 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болып еңбек етті.

Қаламы жүйрік қаламгердің шығармалары 1964 жылдан бастап жариялана бастады. Алғашқы «Көкжиек» жинағы 1969 жылы, одан кейін «Күзгі жапырақ» 1971 жылы жарық көрді. 1974 жылы «Ақиқат» атты повестер мен әңгімелер жинағы, 1979 жылы «Айтылмаған ақиқат» әңгіме-повестер жинақтары, 1980-1981 жылдары орыс тілінде «Истина» әңгімелері мен повестері деген атпен жарық көрген. 1985 жылы «Өлі ара», «Біз үшеу едік» пьесасы республикалық театрларда сахналанған.

Жазушы Грек аңыздары «Эллада ерлерін» қазақ тіліне аударса, өзінің бірнеше шығармалары шетел тілдеріне аударылған.

Ерен еңбектері еленіп «Парасат майданы» повесі Халықаралық Франц Кафка атындағы орденімен марапатталып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Өз шығармаларында өмірді оның қайшылықтары мен адами қатынастардың күрделілігімен жеткізуге тырысатын талантты жазушы кереметтей туындыларын оқырман қауымға ұсынып отыр.

Оның шығармалары оқырмандардың назарын оқиғаларды жеткізудің шынайылығымен ғана емес, сонымен бірге баяндаудың эмоционалды құрамдас бөлігімен де тартады.

Жыл таңдауындағы қаламгеріміздің шығармашылығын насихаттау мақсатында кітапханамызда акция бойынша жоспарлы түрде өткізілетін іс-шаралар тізбегін атап өтсек;

«Биік тұғырлы талант» - құрмет көрмесі,

«Құдіретті қаламгер» - жазушы Т. Әбдіктің шығармалары бойынша кеш портрет,

«Өлкенің дарабоз дарыны» - әдеби алаң,

«Дарындылар арасындағы дара талант» - «Үздік өлкетанушы Ш. Байділдаұлымен» жоба аясында, жазушы Т. Әбдікұлы 81 жасқа толуына орай - сұхбат - портрет, ағымдағы жылы осы сынды іс-шаралар өткізілетін болады.

Құрметті оқырмандар, жазушының шығармаларын бірге оқиық, оқығанды сүйсіндірер, тартымды сөздері мен елең еткізер сюжеті қызыққа толы туындыларын біздің кітапханамыздан таба аласыздар!

Гүлназ ЖАҚИЯ,
облыстық № 2
әмбебап-ғылыми
кітапханасының
кітапханашысы